

СРЕДСТВА АВТОМАТИЗАЦИИ СТАНОВЯТСЯ ВСЕ БОЛЕЕ ДОСТУПНЫМИ БЛАГОДАРЯ СТАНОВЛЕНИЮ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ, ПОЗВОЛЯЮТ ДОСТИГАТЬ ПРАКТИЧЕСКИ ПОЛНОЙ ПРОЗРАЧНОСТИ ТРАНСПОРТНОГО ПЕРЕМЕЩЕНИЯ ТОВАРОВ, ПОВЫШАЮТ ПРЕДСКАЗУЕМОСТЬ И СНИЖАЮТ РИСКИ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК, А ТАКЖЕ УМЕНЬШАЮТ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИЕ ИЗДЕРЖКИ, СТИМУЛИРУЯ МЕЖДУНАРОДНУЮ ТОРГОВЛЮ.

Арзыбек КОЖОШЕВ,  
министр по энергетике и инфраструктуре  
Евразийской экономической комиссии



№19 (3058)  
14/03/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ПОВЫСИТЬ ПРЕСТИЖ РАБОЧИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

В АО «НК «КТЖ» в рамках Года рабочих профессий состоялся форум «Сенімді түлек», собравший около 200 участников, среди которых 60 студентов, 45 преподавателей и руководителей из 26 профильных средних учебных заведений со всех уголков Казахстана, а также представители Министерства просвещения и Министерства транспорта РК.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

Руководитель филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» Окас Сапаров в своей приветственной речи отметил, что в условиях нынешней трансформации рынка труда железнодорожная отрасль сталкивается с резким уменьшением притока молодых квалифицированных кадров, что может привести к дефициту трудовых ресурсов в 2028-2035 годах.

– Основным поставщиком нашего производственного персонала являются колледжи. Поэтому перед нами стоит общая задача – сделать профессию железнодорожника востребованной среди молодого поколения, – сказал он.

Во время экскурсии по учебному центру студенты и педагоги воочию убедились, что КТЖ делает большой акцент на практике, внедряя разные элементы, начиная от лабораторных занятий и заканчивая стажировками на реальных железнодорожных объектах. Центр имеет уникальные тренажеры тепловоза ТЭ33А и электровоза КЭ8А, 3D-лабораторию с VR-технологиями, учебный полигон.

Руководителям колледжей понравился послы КТЖ о том, что компания готова оказать услуги по практическому обучению студентов в стенах учебного центра с получением соответствующих сертификатов.

Для этих целей, например, разработана программа обучения с отработкой практических занятий на тренажерах, направленных на формирование у сту-



дентов профессиональных компетенций и навыков, необходимых для работы на современном подвижном составе.

– Этот форум – хорошая возможность для нас, студентов, увидеть свою будущую профессию, посмотреть в реальности, где мы можем применить свои знания. КТЖ открывает нам путь, дает возможность дуального обучения. Очевидно, что железная дорога Казахстана будет только развиваться до международного уровня, – подчеркнул студент третьего курса Высшего колледжа транспорта и коммуникаций Рауф Думаров.

В свою очередь преподаватели отметили огонь в глазах студентов и большую заинтересованность в участии в предлагаемых программах.

– Я и сама в восторге от учебного

центра КТЖ, и особенно от лабораторий локомотивного и вагонного хозяйства. Все оборудование соответствует последнему слову техники, и я думаю, что в обучении такие подходы дадут великолепные результаты, – считает заведующая отделением «Эксплуатация железнодорожного транспорта» Петропавловского колледжа машиностроения и транспорта имени Байкера Ашимова Алена Глумова.

По словам председателя подкомитета «Учебные центры/Центры признания профквалификации» НПП «Атамекен» Гаухар Уразгалиевой, сегодня «особенно важно говорить не только о подготовке специалистов, но и о механизмах их адаптации к рынку труда».

– В современных реалиях работодатели не просто ждут выпускников, а активно

участвуют в их подготовке. Компании, такие как КТЖ, открывают собственные учебные центры, создавая условия для обучения и переквалификации специалистов. Пример успешного взаимодействия с профильными вузами и сузами – АО «НК «КТЖ», – отметила она.

По ее словам, национальная компания проявила интерес ко включению в реестр учебных центров, что является признанием значимости общей работы.

Также в рамках мероприятия подписан меморандум между учебным центром КТЖ и Актобинским колледжем транспорта, коммуникаций, новых технологий, а также Карагандинским железнодорожным колледжем о взаимодействии в подготовке кадров для железнодорожной отрасли.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### МАҢЫЗЫ АРТА ТҮСКЕН



«КТЗ Express» АҚ халықаралық жүк жеткізудегі сенімді бағыт ретінде «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі шығыс тармағының позициясын күшейтіп отыр.

Осы мақсатта аталған «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс тармағы бойынша БАӘ мен Үндістанға газет қағазы жіберілді.

«КТЗ Express» АҚ газет қағазы бар контейнерлік пойыздарды кезекті рет жөнелту арқылы екі арада тұрақты қатынастар орнатуға мүмкіндік берді. Жүк Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия елдеріне, атап айтқанда, бір құрам – шамамен жеткізу мерзімі 20-25 тәулік болатын Жебель Али портына (БАӘ); екі құрам – шамамен жеткізу мерзімі 20-25 тәулік болатын Нава-Шева (Үндістан) портына жөнелтіледі.

Бұл бағдар Қазақстан мен Иран арқылы транзитпен өтеді, жүк жеткізу мерзімдерін қысқартады және қағаз өнімдерін экспорттаушылар үшін жаңа логистикалық мүмкіндіктерге жол ашады. «Солтүстік – Оңтүстік» шығыс тармағы арқылы жүк ағыны тұрақты өсіп, халықаралық сауда үшін стратегиялық маңыздылығын көрсетуде.

Ұлан ОРАЗ

### ЖОБА ЖЕМІСІН БЕРДІ



Биыл Қытайдың солтүстік-батысындағы Шэньси провинциясының Сиань қаласында Қазақстанның логистикалық орталығының ашылғанына бір жылдан астам уақыт өтті.

Оның ашылу барысында Мемлекет басшысы телекөпір форматында сала үшін және жалпы Қазақстан – Қытай қатынастары үшін орталық құрудың маңыздылығын атап өтіп, нысанның жұмысын іске қосқан болатын.

Сианьдағы жаңа қазақстан-қытай терминалы іске қосылған күннен бастап айтарлықтай нәтижелер көрсетіп келеді. Бүгінгі таңда терминалдың қуаты жылына 133 000 ДФЭ-ні құрайды. Өткен жылы аталған орталық арқылы транзиттік тасымалдау көлемі 276 000 тоннадан асты. Ал 2025 жылға арналған жоспарда тасымалдау көлемі 456 000 тоннаны құрайды. Жалпы, Сиань Құрғақ портынан 2024 жылы Қытай – Еуропа бағытында 5 мыңнан астам пойыз жөнелтіліп, тарихи рекордтық көрсеткішті көрсетті. Бұл бағыт – барлық жөнелтілімдердің 25%-ін құрайды. Сианьдағы бірлескен жүк терминалы жұмысының арқасында ТХКБ маршрутындағы негізгі түйін ретінде өткен жылы тасымалдау көлемінің 33 есе өскенін атар едік.

Жалпы, Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржол жүк тасымалы жыл сайынғы өсімді көрсетуде. Сиань қаласының құрғақ портындағы қазақстан-қытай терминалы, Қазақстан бағытында жүретін барлық контейнерлік пойыздардың 40%-дейін шоғырландырады. Ал бұл жүк көлемін арттыруда маңызды рөл атқарып отыр.

Ислам ТАЛҒАТ



Марат ШАЙЖАН,  
Қызылорда магистральдық желі  
бөлімшесі қозғалыс қауіпсіздігі  
бөлімінің инженері:

ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ  
ҮШІН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖАУАП-  
КЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ, ӘКІМДІК  
ТАРАПЫНАН ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ  
ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚА-  
УІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН ЕНГІЗУ  
ҚАЖЕТ. СОНЫМЕН ҚАТАР ЖЕР-  
ГІЛІКТІ БІЛІК, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ  
ОРГАНДАРЫ МЕН ТЕМІРЖОЛ ҚЫ-  
ЗМЕТКЕРЛЕРІ БІРЛЕСЕ ӘРЕКЕТ  
ЕТКЕНДЕ, КІНӘЛІ ТҮЛГАЛАРҒА  
ЖАРИЯ ТҮРДЕ ШЕШІМ ШЫҒА-  
РЫП, НӘТИЖЕНІ ҚОҒАМДЫҚ  
ОРЫНДАРДА ЖАРИЯЛАҒАНДА  
ҒАНА БҰЛ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ  
ТАБИЛАДЫ

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ  
**1,6** тыс.

ПРОВОДНИЦ ПОЕЗДОВ И  
СОТРУДНИЦ КАСС ТРУДЯТСЯ В  
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СОБЕРЕ.

СВЫШЕ  
**7,4** млн тонн

ЗЕРНА НОВОГО УРОЖАЯ ПЕРЕ-  
ВАЗЕНО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ  
ТРАНСПОРТОМ С СЕНТЯБРЯ  
2024-ГО ПО ФЕВРАЛЬ 2025 ГОДА.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ  
В КОСТАНАЙСКОМ РЕГИОНЕ  
ПЛАНИРУЮТ КАПИТАЛЬНОЕ  
ОТРЕМОНТИРОВАТЬ БОЛЕЕ

**67**  
КИЛОМЕТРОВ ПУТИ.

### Актуально

## ЕЩЕ ОДИН ШАГ

11 марта текущего года в рамках государственного проекта по строительству вторых путей на участке Достык – Мойынты на перегоне Бесколь – разъезд 19 было открыто временное движение.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

Во время церемонии открытия временного движения вторых путей на перегоне Бесколь – разъезд 19 ветеран отрасли Калтай Самбетов отметил значимость данного проекта для развития железнодорожного транспорта. Он подчеркнул, что расширение инфраструктуры позволит повысить пропускную способность участка, улучшить условия для перевозки грузов и пассажиров, увеличить объем грузоперевозок в транзитных и экспортных направлениях,

а также внесет значительный вклад в экономическое развитие региона. Калтай Самбетов выразил уверенность, что новые пути будут способствовать дальнейшему укреплению транспортного потенциала страны.

После торжественного разрезания ленточки было официально открыто временное движение, и по новым вторым путям прошел первый грузовой поезд. Движение поездов разрешено со скоростью 40

километров в час, на переездах – 20 километров в час.

– Сделан еще один важный шаг, новые пути будут способствовать экономическому росту региона и созданию новых возможностей для железнодорожников, желаю вам успешных достижений, профессионального роста и дальнейшего развития инфраструктуры, – отметил Калтай Самбетов.

Специалисты РЦУП-2 Алматы успешно запустили временное движение по перегону Бесколь –

разъезд 19. Это событие стало важным этапом в реализации государственного проекта Достык – Мойынты.


Запуск грузового поезда подтвердил готовность инфраструктуры, первые составы уже отправились в путь, что подтверждает важный шаг в развитии транспортной отрасли, способствуя росту экономических связей и повышению транспортного потенциала страны.

Фото автора



## ВОКЗАЛДАР – ҮКІМЕТ НАЗАРЫНДА

Жуырда өткен Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов биыл теміржол вокзалдарын жөндеу және реконструкциялау жұмыстарын аяқтауды тапсырып, бұл ел имиджіне қатысты өте маңызды мәселе екенін атап өтті.



Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Көлік министрі Марат Қарабаев еліміздің теміржол вокзалдарын жөндеу және реконструкциялау жұмыстары туралы баяндады. Айтуынша, бүгінгі таңда 5 вокзалға реконструкция жүргізілген. Жыл соңына дейін туристік бағыттарды қосқанда, тағы 53 вокзал жөндеуден өтеді. «Вокзал маңындағы алаңдарды жөндеу жұмыстары жергілікті атқарушы органдар тарапынан параллельді түрде қамтамасыз етіледі», – деді Марат Қарабаев өз сөзінде.

Ал КТЖ тарапынан теміржол вокзалдарына қатысты қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр

және алдағы жылы нендей шаруалар тындырады дейтін мәселеге келсек, Магистральдық желі дирекциясының басшылығы халыққа сапалы қызмет көрсету мақсатында жыл сайын ғимараттар мен жолаушылар платформалары кезек-кезеңмен жаңартылып отырып жатыр. Мәселен, ірі жобалардың ішінен 2019 жылы Қарағанды вокзалы қайта жаңартылып, жаңа терминал салынып, ауданы екі еседен астам ұлғайтылса, 2021 жылы Тараз вокзалы жөнделіп, екі жыл бұрын Қызылорда вокзалы ғимараты күрделі жөндеуден өткен болатын. Сонымен қатар жергілікті әкімдіктермен бірлесіп Павлодар, Екібастұз, Шымкент вокзалдарына жөндеу жүргізілді, ал бытырдан

бері Алматы қаласының вокзалдарына ішінара жөндеу жүргізілуде. Маңғыстау вокзалын реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттама дайындалды. Ғимараттың шатырын, қасбетін, перрондарды, баспалдақ марштарын, инженерлік-коммуникациялық желілерді жөндеу, ішкі үй-жайларды безендіру, ғимарат ішінде және вокзал маңындағы аумақта электр жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

«2024 жылы жалпы сомасы 116 млн теңгеге 36 вокзалға ағымдық жөндеу жүргізілді, айталық Астана-1 мен Бұрабай курорты вокзалдарының ғимараттарын архитектуралық жарықтандыру жүзеге асырылды. 16 вокзалда жылу жүйесі жөндеді, ал биылғы

жыл жоспарында 31 вокзалға ағымдық жөндеу жүргізу жоспарланып отыр. Бұл ретте 6 вокзал – Мырза, Аршалы, Мақат, Доссор, Мойынты және Сарышаған жолаушылар платформалары, сондай-ақ Алға вокзалының құрылысы жүргізіліп, Балқаш-2, Бұрабай, Жезқазған курорты вокзалдары жөндемек. Бұдан басқа, Нұрлы жол вокзалында «КТЖ» ҰК» АҚ Теміржол көлігі мұражайы ашылып, вокзал ағымдық жөндеуден өтеді. Астана және Шу вокзалдарын күрделі жөндеуден өткізуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен белсенді өзара іс-қимыл жүзеге асырылуда», – дейді Магистральдық желі дирекциясының директоры Сәкен Рахметов.

Еске сала кетсек, ҚР Көлік министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №224 бұйрығымен 2024-2029 жылдарға арналған Теміржол көлігінің дамыту тұжырымдамасы бекітілген. Оны іске асыру шеңберінде шамамен 100 млрд теңге сомаға 54 вокзалды жаңғырту және күрделі жөндеу жөніндегі іс-шаралар жоспарланған.

## КАДРДЫҢ ҚАДІРІ АРТУДА

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана



ФОРУМ

**Жуырда өткен «Магистраль» сарапшылар форумы биылғы жұмысшы мамандықтар жылында адами капиталды дамыту мәселесін талқыға салып, сарапшылар теміржол саласына кадр дайындау, цифрландыру және жұмысшыларды қолдау мәселелерін көтерді.**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадр қызметі департаментінің HR бизнес-серіктесі Алма Сәулебаеваның айтуынша, 2023 жылы компания қызметкерлерінің әл-ауқатын жақсартуға 20 млрд теңге, ал былтыр 16 млрд теңге бөлінді.

– Компания қызметкерлерінің 98 пайызы – өндірістік персонал. Сондықтан жұмысшы мамандықтар жылы бізде тек бір жылда ғана емес, үнемі бізбен бірге, тікелей қатысы бар. Әлеуметтік тұрақтылық индексі рейтингі бойынша ҚТЖ жоғары көрсеткішке ие. Себебі компания өз қызметкерлерінің қолайлы жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасап отыр. 2022 жылы біз темір жолдағы санитарлық тұрмыстық жағдайды жақсартуға 3,5 млрд теңге бөлдік. Бұл сома 2023 жылы бірнеше есеге артты, – деді Алма Сәулебаева.

Сонымен қатар жұмысшылардың өз ісіне деген ынтасын арттырып, теміржолда кадр тұрақтылығын нығайта түсу үшін өткен жылы ұлттық компанияда 23 жаңа марапат пайда болған. Биыл жұмыс өтіліне қарай бір реттік төлемдер беру жоспарлануда. Мысалы жұмыс өтілі 10 жыл адамдарға 100 мың теңге, 20 жыл істеген теміржолшыларға 200 мың теңгеден, 30 жылдық еңбегі бар адамдарға 300 мың теңге беру көзделуде. Жалпы теміржол саласында 140 мың адам еңбек етсе, соның 120 мыңы ҚТЖ-да жұмыс істейді екен. Болашақта теміржол саласына цифрландыру, роботтандыру және жасанды интеллектпен байланысты 5-6 жаңа мамандықтар енгізу жоспары бар.

## ӨЗ ЖОБАЛАРЫН ҰСЫНДЫ

**Ардақ ҮСЕЙНОВА,**  
Жамбыл



КӨРМЕ

**«Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жұмыс беруші кәсіпорындардың көрмесі ашылды.**

Көрмеге Тараз көлік және коммуникация колледжі және оның әлеуметтік серіктесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалы өз жобаларын ұсынды.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Дастан Садықов, Жамбыл сигнализация және байланыс дистанциясының бас инженері Аман Улақұлов, өндірістік учаскенің басшысы Назарбай Нұржанов өз салаларындағы жаңашылдықтармен, электр қондырғыларын зерттейтін бағдарламамен таныстырды. Тараз көлік және коммуникация колледжі директорының оқу-өндіріс ісі жөніндегі орынбасары Жеңіс Тайбеков білім ордасының оқу-материалдық базасына шолу жасады.

Келіссөз алаңында колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы әріптестікті нығайтуға, түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ кадр даярлау ісін жандандыруға бағытталған 8 меморандумға қол қойылды.

## КЕШЕНДІ ЖОСПАР БЕКІТІЛДІ



КЕҢЕС

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана

Кеңес жұмысына ІІМ көліктегі полиция департаментінің, ҚТЖ еншілес кәсіпорындарының, Жүк тасымалы мен Магистральдық желі дирекциясының өңірлердегі бөлімшелерінің басшылары онлайн-форматта қатысты. Жылға жетекшілік еткен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры В.Петров кешенді іс-шаралар жоспары жүктер мен тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, профилактикалық және инженерлік-техникалық шараларды қамтығанын, осы шаралар нәтижесінде 2024 жылы жүктердің ұрлану оқиғалары 2023 жылмен салыстырғанда төрт есеге азайғанын атап өтті.

Атап өтерлігі, осы жоспар шеңберінде түсті металдар, фер-

**ҚТЖ ұлттық компаниясында Тасымалданып жүктердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарын іске асыруға арналған қорытынды кеңес өтті.**



роқорытпалар, Ауғанстанға жөнелтілетін ұн сияқты жүктерді, сондай-ақ ҚХР – Еуропа – ҚХР бағдары бойынша контейнерлік пойыздардан жүктерді қабылдау сапасын жақсартуға бағытталған профилактикалық айлықтар мен онқүндіктер өткізілген. Тасымалдаудың барлық кезеңдерінде осы тауарлардың қауіпсіздігі мен сақталуына ерекше назар аударылған.

Сонымен қатар құрылымдық

бөлімшелер мамандарының қатысуымен мамандандырылған семинарлар мен кеңестер ұйымдастырылған. Атап айтқанда шекара өткелдеріндегі нормативтік-құқықтық аспектілерді, қауіпсіздік және артық жүктеме сапасы мәселелерін талқылау бойынша семинар өткізілген.

Сондай-ақ ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаменті өкілдерінің, «ӨТЖК» ЖШС, «Транс Мониторинг Еуразия» ЖШС, «Қазхром»

ТҰК» АҚ, «Қазмырыш» ЖШС жүк жөнелтушілерінің және «DAR Rail» ЖШС тасымалдаушысының қатысуымен ферроқорытпалар, алюминий және катодты мыс сияқты жүктердің сақталуын қамтамасыз етуге арналған кездесулер өткен.

Кеңес барысында мемлекетаралық түйісу станцияларында инспекциялық тексеру кешендерін және криминогендік учаскелерде бейнекамераларды орнату мәселелері талқыланды. Сондай-ақ дизель отынының, алюминийдің, арпаның, бидайдың, мақсары тұқымның, күнбағыстың, алюминий оксидінің және құрама жүктердің сақталуын арттыру мәселелері бойынша кеңестер өткізілді.

Кездесудің маңызды қорытындысы 2025-2026 жылдарға арналған бірлескен іс-шаралардың кешенді жоспарын бекіту болды. Бұл жоспар жүктерді сақтау, қызмет көрсету сапасын жақсарту және тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды енгізу жөніндегі шараларды күшейту жөніндегі жұмысты жалғастыруды қамтиды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*



**ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ**

**Арыс жол дистанциясының диспетчері Роза Римқызы – халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай күні кеше Мемлекет басшысының қабылдауында болған санаулы нәзік жандардың бірі.**



**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Шымкент

Ақордада құрмет-қошеметке бөленген 60-қа жуық қыз-келіншектің қатарында арыстық теміржолшы әйел Президенттің қолынан «Құрмет» орденін алды. Қарапайым еңбек адамы үшін бұл шынымен үлкен құрмет еді.

– Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны жай ғана науқаншылық емес. Бірде түстен кейін жұмыста отырғанымда НЖК-9 мекемесінің кадр басшы-

сы Балжан ханым хабарласып, толыққанды құжаттарымды сұратты, Мемлекет басшысының марапатын алу үшін Ақордаға баратынымды айтты. Алғаш естігенімде сенер-сенбесімді білмей абырап қалдым. Аздан соң дәлізге шықсам кеңседегі әріптестерім түгел естіп қойыпты, бәрі құттықтап жатыр. Жақсы жаңалық жерде жатысым ба, желдей есіп, әп-сәтте жарты әлемге жария болды.

Көп ұзамай Розаны ұжым басшысы Ғалымжан Қазезұлы шақырып алып қуанышына ортақтасып, жолға қамдануға

кірісуді ескертеді. Одан соң Арыс қаласының әкімі қабылдап, жай-күйімен жақынырақ танысып, сәттілік тілеп шығарып салады. Ал Астанаға келгенде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылары мен қосшылары пойыздан түскеннен Арысқа қайтқанға дейін жағдайын жасап, құрмет-қошеметтерін көрсеткені өз алдына.

– Межелі уақытта Ақорданың төрінен табылдық. «Қысқы бақ» деп аталатын кең әрі әсем залда президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қолымызды алып, құттықтап, жылы лебізін білдірді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы санатындағы «Құрмет» орденін жарқыратып кеудеме таққанда қатты толқып көзіме жас келгенін жасыра алмаймын. Біле білгенге бұл кез келгенге оңай жолмен бұйыра қалатын бақ емес. Ғұмырымның қырық жылын темір жол саласына арнаған қарапайым ғана жұмысшы санатындағы мына бізді президентіміздің өзі осылай қабылдап жатқаны зор мәртебе емей, немене?! – дейді арыстық теміржолшы Роза Римқызы.

Айта кетейік, Роза Гиягги Қызылорда қаласының тумасы. 1980 жылдары өзі өскен өңірде жаңадан техникум ашылады да 4 жылдан соң Қызылорда теміржол техникумының алғашқы түлектерінің бірі болып бітіреді. Арыс станциясына жолдамамен жұмысқа келеді. Әр жылдары дөңес паркінің бригадирі, дистанцияның техникі, еңбек қауіпсіздігі инженері, техникалық бөлім басшысы сынды қылы-қилы қызметтердің тізгінін ұстап, шаруаның шашауын шығармай тасын өрге домалатыды. Қазіргі кезде Арыс жол дистанциясында жол диспетчері міндетін мінсіз атқарып келеді.

– Бір жылдан соң зейнетке шығамын. Бейнетіміздің зейнетін көрер шағымыз жақын. Бір анық нәрсе, бүгінгі көрсетіліп жатқан сый-құрмет маған ғана тиесілі емес. Біз біздің ұжымға, еліміздегі бүкіл теміржолшы қыз-келіншектерге және тұтас теміржол саласының еңбеккерлеріне көрсетілген құрмет деп бағалаймын, – дейді жүзі балбұл жайнаған Роза Римқызы.

*Суретті түсірген автор*

## ТЕХНИКАЛАР ПАРКІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ЖАҢАРУДА



ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Еліміздің теміржол магистральдарын сауықтырып, жаңғыртып-жаңалауда ауыр жол техникаларының рөлі зор. Ал осы арнайы жылжымалы құрам, автотракторлық техникалар, жол шаруашылығының шағын механикаландыру құралдарының жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету, оларға техникалық қызмет көрсетіп және жөндеу түрлерін жүргізіп, жаңарту «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Жылжымалы құрам және механикаландыру департаментіне жүктелген.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

Техникалар паркі кезең-кезеңмен жаңаруда. Өткен жылы 4 төсеу краны, 8 өздігінен жүретін МПК платформасы, 3 бірлік ВПО-С жол машинасы, сондай-ақ қалпына келтіру жұмыстарына арналған теміржол жүрісіндегі кран және 4 тиеу-көлік мотовозы сияқты техникалар сатып алынды. Қиыршық тас тазалағыш машина және 3 электробалластер сияқты ауыр типтегі машиналарды сатып алу жолды күрделі жөндеу көлемін, сондай-ақ жолды шаруашылық тәсілмен жөндеудің басқа түрлерін ұлғайтуға, сондай-ақ өндіріс тиімділігін арттыруға және толаскез уақыттың 4 есеге азайтуға мүмкіндік береді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жолды күтіп ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау,

сондай-ақ қиыршық таспен толтыруды талап ететін учаскелерді азайту мақсатында жолды жөндеу және қиыршық тасты тазалау жұмыстарын орындау кезінде пайдаланылатын хоппер-дозаторлық ХДВ вагондарын сатып алу қажет. 2025 жылы 90 бірлік көлемінде осындай вагондарды сатып алу жоспарланған.

Бұдан басқа алдағы екі жылда жол жұмыстарын жеңілдететін тағы бір қатар техникалар сатып алынбақ. Атап айтқанда, 10 бірлік рельстерді тасымалдау үшін ПРЛ жолжөндеуші летучкасы, 1 бірлік ескі жамарды реліс бунақтарын немесе бунақтарға жиналған инвентарлық рельстерді жаңа релісті бунақтарға ауыстыруға арналған рельсті төсеу кешені сатып алынған. Бұл техникаларды сатып алуға биыл келісімшарт жасалып, 2026 жылы жеткізілімек. Сонымен қатар қалпына келтіру

жұмыстары үшін теміржолмен жүретін 1 кран сатып алу жоспарланған. Мамандардың айтуынша, көлік жағдайынан телескопиялық стрелкасы шығатын жұмыс жағдайына тез бейімделетін және тар жағдайларда, яғни ригельдердің астында жұмыс істей алатын бұл техника пойыздардың үзілген қозғалысын қалпына келтіру уақытының қысқаруына айтарлықтай әсер етеді.

«Жол техникалары жазғы жол жұмыстарында жолдың ағымдық күтімін жасауға тұрақты жұмылдырылады. Мәселен, өткен жылы Дуоматик машиналарымен 2500 астам шақырым жол асты, Унимат және ВПРС машиналарымен 2000 жуық бағыттағыш бұрма асты нығыздалды. Сонымен қатар РМ машиналарымен 274 км жолдың баласты тазартылып, Desek машинасын қолдана отырып, 306 бірлік бағыттағыш бұрма төселді. Атлас



машиналарымен 3760 км жолдың рельсі ажарланып, 800 км астам жол ПРБ машиналарымен түзетілді. Темір жолдардың 12 мыңға жуық түйіспесі ПРСМ машиналарының көмегімен дөңкереленді. Бұл ауыр жол техникаларын пайдалана отырып, биыл да 1400 км астам жолды сауықтырып, жөндеу түрлерін жүргізу қарастырылып отыр», – дейді департамент директоры Андрей Шаповалов.

Биыл Шымкент магистральдық желі бөлімшесі бойынша жазғы жол жөндеу науқаны шеңберінде өңірдегі 160 шақырымға жуық жолды сауықтыру жоспарланып, қазір осы жұмыстар басталған. Шымкенттік теміржолшылар, жұмыстар жоғары өнімді техникаларды, атап айтқанда қиыршық тасты тазалайтын және жолдардың

түзейтін машиналарды қолдана отырып жүргізілетінін айтып отыр. Сондай-ақ UNIMAT MF және DESEC жол машиналары кешендерінің көмегімен 100-ден астам бағыттаушы бұрмалардың жағдайы жақсартылмақ. Ал темірбетон негізіндегі 41 бағыттамалы бұрма кешені жаңасына ауыстырылмақ. Бұдан басқа, Арыс станциясын дамытудың 2-ші кезеңін іске асыру үшін теміржолшылар Арыс-2 станциясы мен Арыс-1 станциясының «Д» паркін арасындағы айналма жолдың 3 шақырымына күшейтілген орташа жөндеу жүргізілмек. Өткен жылы Арыс станциясын дамытудың бірінші кезеңі аясында жұп сұрыптау жүйесінің екі паркі қалпына келтіріліп, бұл станцияның өткізу қабілетін 20%-ға арттыруға мүмкіндік берген еді.

Жылжымалы құрам және механикаландыру департаменті қысқы маусымда қар тазалау және жинау техникаларына да жауапты. Мәселен, биылғы жылдың қыс маусымына департамент мамандары еліміз бойынша 280 бірлік қар жинайтын және қар тазалайтын техниканы дайындап, ауа-райы нашарлаған кездерде күн сайын 50-ден 150 бірлік машинаға дейін жұмылдырылып келеді.

Өткен жылдың маңызды жетістіктерінің бірі – қызмет ету мерзімін ұзарта отырып, күрделі жөндеу жүргізу арқылы нормативтік қызмет мерзімі өткеннен кейін кейінге қалдырылған 60 бірлік хоппер-мөлшерлегіш вагондарды пайдалануға беру қамтамасыз етілген.

«Жол машиналары машинистерінің бригадалары үшін санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша бағдарламалар шеңберінде жолаушылар вагондарының қызмет ету мерзімі өткеннен кейін оларды тұрғын жай болатын модульдік вагондарға айналдыра отырып, 13 бірлікке жөндеу жүргізілді. Вагондарға жөндеу жүргізу барысында киімді шешуге және келтіруге арналған шкафтар жасалып, жуынатын бөлме мен дәретхана, ас үй, асхана, ұйықтайтын орын және шеберхана орнатылды. 2025 жылы бұл жұмыстар жалғасады, біз 16 бірлік вагонды жөндеуді жоспарлап отырмыз», – деп тұйындеди сөзін Андрей Владимирович.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## Снегоборьба В ПУТИ В ЛЮБУЮ ПОГОДУ

Праздничные выходные в ряде регионов страны отметились обильными снегопадами и метелями. В сложных погодных условиях поезда в очередной раз стали единственным безопасным и надежным видом транспорта, обеспечив оперативную перевозку с закрытых автотрасс более 300 пассажиров.

**Любовь РОВБА,**  
Астана

На борьбу со стихией с 8 по 11 марта привлекли более 7 000 монтеров пути, 3 675 из них были заняты на очистке стрелочных переводов в дневное время, и 3 365 человек – в ночь. Кроме того, на помощь путейцам в Акмолинском, Костанайском, Атырауском и Актобинском регионах вышли также 123

работника второй очереди. Снегоочистительными машинами СДПМ за этот период осуществлено 162 выезда, при этом очищено 6 894 километра пути, снегоуборочные машины типа СМ выезжали 52 раза (186 рейсов), с 8 по 11 марта с их помощью убрано 46 500 кубометров снега. Сложные погодные условия стали причиной частичного закрытия автомобильных трасс. В связи с этим АО «Пассажирские



перевозки» организовало дополнительные места в поездах на участках Астана – Павлодар и Астана – Щучинск. Со станций Ерейментау, Курорт-Боровое, Акколь, Шортанды в эти дни были перевезены более 300 человек, оказавшихся в снежном плену на закрытых автотрассах. Снегопад и метели в начале весны работников АО «НК «КТЖ»

не застали врасплох. Железнодорожники в очередной раз показали четкую и слаженную работу в условиях непогоды. Пути и стрелочные переводы круглосуточно очищали от снега и наледи, а перевозка пассажиров во время неблагоприятных погодных условий была на особом контроле.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ЗАМЕТАЕТ ЗИМА, НАМЕТАЕТ

Зима в этом году в Приуралье выдалась умеренная, однако напоследок напомнила: не время расслабляться. Только с 20 по 28 февраля со станций Орал, Казахстан и Амангельды было вывезено в общей сложности более 14 тысяч кубометров снега. Всего за зимний период по Уральской дистанции пути вывезено почти 30 тысяч кубометров снега.

**Анна ПАНИЩЕВА,**  
Уральск

В зимний период по дистанции пути в круглосуточном режиме работают снегоуборочные машины СДПМ по участкам Семиглавый Мар – Орал, Орал – Казахстан, Казахстан – Чингирлау.

– Во время сильных снегопадов к снегоборьбе привлекаются работники второй очереди всех причастных структурных подразделений. Всего за зимний период по Уральской дистанции пути вывезено 29 790 кубометров снега, – пояснил заместитель директора Актобинского



отделения магистральной сети по Уральскому региону Орал Уксакбаев.

Ко второй очереди привлекались работники филиала ТОО

«КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП по Уральскому участку», Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3),

Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1), Уральской дистанции пути (ПЧ-1), Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), Актобинской дистанции электроснабжения по Уральскому региону (ЭЧ-28), уральского вокзала, а также восстановительного и пожарного поездов.

За период с 20 по 28 февраля по станции Орал произведено 24 выгрузки снега, вывезено около 7 350 кубометров. Также с помощью снегоуборочной машины СМ-2 проводилась очистка станционных путей от снега по станциям Казахстан и Амангельды. За указанный период по станции Казахстан произведено 19 выгрузок, вывезено около 5 600 кубометров снега. По станции Амангельды произведено пять выгрузок и вывезено снега более 1 400 кубометров. Безопасность движения поездов и бесперебойная работа станций обеспечена.

Фото автора

## ЗАВЕРШЕН ПЕРВЫЙ ЭТАП ИСПЫТАНИЙ



В АО «НК «КТЖ» завершен первый этап испытаний системы видеоаналитики железнодорожного переезда на переезде 721-й километр перегона Жана-Караганды – Майкудук.



**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

ТОО «Sigma Corporation» представило автоматизированную систему видеоаналитики

АСВАП-М, предназначенную для автоматического предупреждения служб АО «НК «КТЖ» о наличии препятствия на железнодорожном переезде. Заявленными характеристиками

АСВАП-М является то, что она обеспечивает непрерывную оценку состояния зоны переезда в месте пересечения железнодорожных путей с автомобильной дорогой. Система осуществляет видеозапись событий в контролируемой зоне переезда, рабочей зоны дежурного по переезду, включая запись внутри помещения. Также отслеживает и извещает о состоянии переезда на предмет возникновения нештатной ситуации и обеспечивает доказательную базу правомерности действий дежурного по переезду.


Если остановиться на основных преимуществах системы видеоаналитики АСВАП-М, то к ним можно отнести применение

локального вычислительного модуля с машинным обучением, что обеспечивает высокую точность распознавания, независимость от качества связи, отсутствие необходимости в сервере обработки данных. Кроме того, отмечена непрерывная оценка состояния контролируемой зоны переезда на наличие автотранспорта, а также время и своевременность его проследования. Среди преимуществ и то, что система фиксирует недвижимые объекты в зоне переезда. Помимо этого, контроль зоны переезда осуществляется двумя камерами видеоаналитики и двумя радарам, что обеспечивает стабильное распознавание препятствий вне зависимости от погодных условий и времени суток.

По итогам испытаний отмечено, что система видеоаналитики рекомендована к применению и внедрению на магистральной железнодорожной сети АО «НК «КТЖ».

Фото Александра ЖАБЧУКА

## В ЗОНЕ ОСОБОГО ВНИМАНИЯ



Первые дни весны выдалась снежными, но, несмотря на это, железнодорожники заблаговременно подготовились к ежегодному пропуску паводковых вод. Традиционно в зоне особого внимания – водохранилища и плотины, железнодорожные мосты через реки и водопропускные трубы.

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

В рамках подготовки железнодорожной инфраструктуры к пропуску ледохода и паводковых вод проводится комплекс мероприятий, направленных на повышение ее устойчивости и безопасности. Совместно с территориальными органами проведено обследование всех 83 водохранилищ и плотин, расположенных выше железнодорожного полотна. Для каждого места, опасного из-за

разрыва или деформации земляного полотна, определены ответственные специалисты. При проследовании локомотивные бригады должны проявлять особую бдительность.

Кроме того, работники дистанции пути выполняют очистку мостовых отверстий, дренажных колодцев и водоотводных труб от снега, льда и мусора, а также вскрытие ото льда нагорных и водоотводных канав, лотков и кюветов.

На сегодня площадь страны, покрытая снегом, составляет 71%, что меньше на 15%, чем на прошлой неделе.



– В случае повышения температуры и сильных осадков в виде дождей в марте по горным рекам возможно прохождение высоких тало-дождевых масс. В центральной, северной и восточной части страны снегонакопление продолжается, в марте ожидается две и более месячной нормы осадков. К примеру, в Астане в первой декаде уже выпала ежемесячная норма осадков, – подчеркнул министр

экологии и природных ресурсов РК Ерлан Нысанбаев.

В числе регионов с высоким риском возникновения паводка: Актыбинская, Костанайская, Карагандинская, Акмолинская, Северо-Казахстанская, Восточно-Казахстанская области и области Улытау и Абай, со средними рисками: Алматинская, Жетісу, Жамбылская, Западно-Казахстанская и Атырауская области, и с низкими рисками: Павлодарская, Мангистауская, Туркестанская и Кызылординская области.

Для защиты инфраструктуры сформировано 45 противоразмывных поездов, включающих 297 вагонов: 45 крытых вагонов для перевозки инвентаря и материалов, 247 платформ, из которых 110 загружены бутовым камнем, 43 – рельсовыми пакетами и 99 – некондиционными железобетонными шпалами. Создан запас необходимых материалов: 2 750 кубометров бутового камня и 7 000 некондиционных железобетонных шпал.

Принятые меры обеспечат бесперебойное и безопасное движение поездов в весенний паводковый период.

Фото автора



## ПЛАНОМЕРНО И НЕУКЛОННО

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



В Костанайском регионе продолжают наращивать объемы контейнерных перевозок.

Как сообщил начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенес Дюсекеев, только за февраль погружено грузов в контейнерах 1 480 фитинговых платформ (86,9 тысячи тонн), из них было сформировано 45 организованных маршрутов. В сравнении с аналогичным периодом прошлого года погрузка в контейнерах увеличена на 929 контейнеров, или 168%.

Так, зерновых культур погружено 185 фитинговых платформ (11,2 тысячи тонн), из них сформировано шесть организованных маршрутов. Продуктов перемола – 1 029 фитинговых платформ (461 тысяча тонн), из них сформировано 33 организованных маршрута. К уровню прошлого года погрузка продуктов перемола в контейнерах увеличена на 265%. Асбеста по станции Житикара было погружено 266 фитинговых платформ (14,7 тысячи тонн), из них сформировано шесть организованных маршрутов. К уровню прошлого года погрузка асбеста в контейнерах увеличена на 205 контейнеров.

– Как уже было сказано не раз, за контейнерными перевозками будущее, и мы продолжаем делать акцент на их увеличении. Благодаря профессионализму наших железнодорожников нам это удастся, – говорит Кенес Дюсекеев.

Фото автора

## ПОЛЕЗНЫЕ ПРОЕКТЫ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



В Караганде осуществляется очередной набор в кружок «Юный железнодорожник» учащихся школ от 10 до 16 лет.

Занятия будут вести опытные железнодорожники. В летнее время года подростки смогут полноценно проводить свой досуг – посещать занятия, на которых им подробно расскажут о том, что такое железнодорожный транспорт, о людях, работающих на нем, о действующих структурных подразделениях и безопасности на путях.

В курс лекций входит также и практика. Ребятам представится возможность сесть за пульт управления поезда и управлять им под руководством профессиональных наставников, – рассказывает машинист Детской железной дороги Олег Суминов. Кроме того, в летний сезон школьники будут выполнять работу проводников – проверять билеты, следить за чистотой в вагонах, помогать пассажирам с детьми пройти в поезд и удобно устроиться на своих местах.

Стоит отметить, что в текущем году ожидаются строительные работы, связанные с расширением Детской железной дороги. Теперь любимый всеми «Хогвартс-экспресс» будет колесить от Центрального парка культуры и отдыха до зоопарка. Свою работу по традиции он начнет 1 июня – в Международный день защиты детей. К тому же вдоль аттракциона запланирована высадка около пяти тысяч яблонь.

«КТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС ұжымы Алпысбаевтар мен Садықовтар отбасына аналары **Бақыт Мұқыжанқызы Есімованың** өмірден озуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№19 (3058) 14/03/2025



## ӘЛЕМНІҢ МӘНІ – ӘЙЕЛДЕ

**Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев ұлттық компанияда тер төгіп жүрген нәзік жан иелерін өткен жылы енгізілген жаңа салалық наградалармен марапаттады.**

Өткен жылы жаңа наградалардың 23 түрі енгізілді. Ал бүгін осы марапаттардың алғашқы иегерлері болып отырған 29 әйел – теміржолдың түрлі саласында табысты еңбек етіп, жетістікке жетіп жүрген жандар. «Темір жолда жұмыс істеу оңай шаруа емес, алайда компанияның әйел қызметкерлері ауа-райы мен тәуліктің кез келген уақытына қарамастан ер адамдармен иық тіресе еңбек етіп, тасымалдың тоқтаусыз процесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді. Қазіргі уақытта теміржол көлігінің әртүрлі салаларында – локомотив, жол, вагон шаруашылықтарында, қозғалысы қызметінде, жолаушылар кешенінің кәсіпорындарында 26 мыңнан астам әйел жұмыс істейді, 2,5 мыңға жуық әйел басшылық қызметтерді атқарады. Сіздердің тапқырлық, абстрактілі ойлау

қабілеттеріңіз шешім қабылдау сапасын арттыруға, проблемалық жағдайлар мен сын-қатерлерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қиындығымен қатар өте маңызды жұмыста сіздерге денсаулық, бақыт, көктемдей көтеріңкі көңіл-күй, құт-береке, отбасы амандығын тілеймін», – деп құттықтау лебізін білдірді Нұрлан Сауранбаев.

Марапаттау рәсімінен кейін награда иелері Компания басшысымен суретке түсіп, компания қызметкерлерінің өз күшімен ұйымдастырылған мерекелік концертті тамашалады. Фойде нәзік жанды ханымдарға арналып, арнайы безендірілген фотоаланда теміржолшы әйелдер естелік суреттерге түсті.

Ислам ТАЛҒАТ

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ДАРИТЕ ЖЕНЩИНАМ ЦВЕТЫ...

**Уральские железнодорожники тепло поздравили своих коллег с Международным женским днем. Кого-то поздравили прямо на рабочих местах, вручив цветы и небольшие подарки.**



Во многих предприятиях устроили праздничные концерты и креативные развлечения.

Так, в Уральском эксплуатационном локомотивном депо (ПЧЭ-1) мужчины прекрасным дамам встречали цветами на красной дорожке. А потом еще устроили и праздничный концерт в красном уголке депо. Также традиционно и мило поздравили своих коллег и в Уральской дистанции пути (ПЧ-1), где после вручения цветов и подарков в теплой, дружеской атмосфере прошла и мини-дискоотека под живой звук. Причем посвященные прекрасной

половине человечества песни виртуозно исполнял золотой голос ПЧ-1 – токарь Кайрат Сарсенгаев. Торжественные собрания в честь праздника прошли и в административном здании. Поздравительные письма акима Западно-Казахстанской области Наримана Турғалиева, акима города Мурата Байменова и директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Актобинское отделение магистральной сети» Сергали Жайлаубаев получили 16 заслуженных работников. Вручили награды руководитель внутренней политики акимата города Уральска Азамат Гиния-

тов, замдиректора Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону Орал Усакбаев и замдиректора Актобинского отделения ГП по Уральскому региону Еркін Саханов. Конечно, всем железнодорожникам были вручены цветы и подарки.

А профсоюзный комитет Уральского узла организовал фобия-шоу под говорящим девизом «Сделай свой праздник эмоциональнее». Игры «Кажется, надул!», «Надуй шарик», «Поймай кольцо» провел Избасар Бактығалиев из фирмы «Фобия-шоу Уральск». Остались довольны и участницы игр, и зрители. Впервые поздравление было настолько креативным, подарившим массу эмоций и удовольствия. Разумеется, песней дня стал хит «Дарите женщинам цветы» нашего земляка Жандаулет Аблаева, известного теперь под творческим псевдонимом Jazzdaupen.

Марьяна ПЕРВУШИНА, Уральск  
Фото автора

## ҚЫСҚЫ БАҚТА БАС ҚОСТЫ

**Арулар мерекесі қарсаңында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Әйелдер кеңесі арнайы марапаттау іс-шарасын өткізді. Кеңестің екінші отырысына жиналған серіктестіктің қыз-келіншектері ҚТЖ бас ғимаратындағы қысқы бақта бас қосты.**



Әйелдер қауымына серіктестіктің бас директоры Владимир Петров, бас директордың локомотив шаруашылығы бойынша орынбасары Асан Ұмбетов, бас директордың корпоративтік мәселелер бойынша орынбасары Марал Марасилов ақ тілектерін арнап, құттықтау сөз сөйледі. Олар биылғы жылды Президент Қ.Тоқаев «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына орай өзінің адал қызметі, кәсібилігі мен еңбекқорлығының арқасында жетістіктерге жетіп жүрген әйелдер қауымын марапаттауды лайық көргендерін жеткізіп, бірқатар теміржолшы әйелдер мен сала ардагерлері Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталды. Олардың қатарында Астана локомотив пайдалану депосының зейнеткері, 43

жыл салаға еңбегі сіңген Людмила Красноштанова, осы депода 27 жыл еңбек еткен Шарбүбі Қуанышбаева, Ақмола бөлімшесінде 39 жыл еңбек еткен зейнеткер, Құрметті теміржолшы Күләш Абдулина сынды майталмандар бар. Сонымен қатар қазіргі таңда теміржолдың дамуы жолында табанды еңбек етіп, ер азаматтармен қатар жөндеуші, слесарь сынды ауыр да жауапты жұмыстарды атқарып жүрген нәзік жандар да болды. Солардың бірі – Екібастұз локомотив пайдалану депосында локомотивтерді жөндеу және қарау бойынша слесарь болып еңбек ететін Алмагүл Нұрмахина Құрмет грамотасына ие болды.

– 1994 жылдан бері осы жұмысты атқарып келемін, биыл еңбек өтіліме 31 жыл. Менің міндетіме

электровоздың дөңгелек жұптарын майлау кіреді. Бұл – өте жауапты жұмыс. Себебі дөңгелек жұптар майланбаса, вагондар рельс үстінде жүре алмайды. Оның өзінің майлау көлемі, есебі, реті болады. Соның бәрін талаптарға сай істегенде ғана қауіпсіздікке нұқсан келмейді. Отбасымда ұлым және інім теміржолда істейді. Жұмысқа да, үйге де үлгеру үшін еңбекқор болу аз, ширақтық қажет әрі өз жұмысыңды жақсы меңгеруің керек. Ал үйде әйелсің, анасың, отбасыңның жағдайын жасай білу – парыз. «Әйелдің қырық жаны бар» деп бекер айтқан ба, біз сондай бесаспап жандармыз, – деп күлді Алмагүл.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## МОРЕ УЛЫБОК И ПОЗИТИВА



**Ярко и весело прошли праздничные торжества по случаю Международного женского дня 8 Марта в Региональном центре управления перевозками (РЦУП-2 Алматы).**

Руководство и коллектив выразили искреннюю благодарность сотрудникам за их профессионализм, трудолюбие и неоценимый вклад в развитие транспортной отрасли.

Поздравляя прекрасную половину человечества с весенним праздником, начальник Регионального центра управления перевозками Алматы Айдос Турғалиев отметил огромную роль женщин на производстве, в обществе и в семье.

– Желает вам весеннего настроения, счастья, здоровья и благополучия! Вы не только вносите значимый вклад в нашу работу, но и создаете в коллективе

атмосферу доброжелательности и гармонии. Пусть каждый день будет наполнен улыбками, радостью и приятными моментами, – отметил руководитель.

В этот день прозвучало много теплых слов и добрых пожеланий в адрес женщин. Мужчины дарили теплые слова признательности, цветы и памятные подарки.

Праздничная атмосфера, улыбки и добрые пожелания наполнили день радостью. У всех было отличное настроение и море позитива, сделав этот праздник по-настоящему теплым и незабываемым.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

Фото автора

## ҚОШЕМЕТ ПЕН ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ



**Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің ер-азаматтары әйелдер мерекесін ерекше сән-салтанатпен атап өтті.**

Мерекелік шара таңертеңнен басталып, әрбір мекеме, цех, пункт, желі бойында және телімдерде еңбек ететін әйелдер қауымына гүл шоқтары мен сыйлықтар табыс етіліп, марапаттар ұсынылды.

Мекеме ғимараттары ерекше безендіріліп, салтанатты атмосфера қалыптасты. Түске қарай мерекелік жиын бөлімшесінің мәжіліс залында жалғасты. Бөлімше басшысы Ербол Сәулебеков нәзік жандарды төл мерекесімен құттықтап, олардың еңбегін жоғары бағалады.

Көп жылғы адал еңбегі үшін аймақтағы вокал кезекшілері Гаухар Қадырова, Жанерке Қонысбаева, анықтама берушілер Гүлзат Палымбетова, Гүлнұр Аманқұлова, Нұргүл Абибуллаева, технолог Гүлнар Сейткамалова, бөлім басшысы Ләззат Ермұратова, инженер Дана Қойбағарова бөлімше директорының марапатын алса, диспетчер Ғалия Манакбаева, бөлім басшысы Зәуре Алматова, Анаргүл Қарымсақова мен Ұлжалғас Арқабаева облыс әкімінің алғыс хатын иеленді. Марапат иелеріне бөлімшенің кәсіподақ ұйымы дайындаған бағалы сыйлықтар тарту етілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда  
Суретті түсірген автор

**Атырау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ ұйымының қолдауымен 8 наурыз мерекесіне орай барлық станцияларда әйелдерге арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.**

Қызметкерлерге күндіз құттықтаулар мен марапаттар ұсынылып, ал кешке ауызашар берілді. Атырау қаласында, яғни басқару аппараты қыз-келіншектеріне қаланың көрікті жерлерін аралап суретке түсуге мүмкіндік жасалып, кешке дастархан жайды. Оның барысында қазақтың салт-дәстүріне арналған викториналық сұрақтар қойылып, әйелдер туралы нақыл сөздер оқылып, қызықты әрі мазмұнды өтті. «Биылғы әйелдер мерекесі қасиетті рамазан айымен тұспа-тұс келгендіктен кәсіподақ мүшелерімен ақылдасып, осындай қайырымды әрі мазмұнды шара өткізуді

**Маңғыстаулық қос келіншек халықаралық әйелдер мерекесіне орай Астанаға арнайы шақырылып, ҚТЖ басшысының қолынан марапат алды.**



Түбек теміржолының тасымалдау саласында 22 жылдан бері табысты еңбек етіп келе жатқан Айттүл Демешова «Үздік жүк тасымалдаушы» төсбелгісіне ие болса, Маңғыстау белгі беру және байлаңыс дистанциясында отыз жылдан аса еңбектеніп келе жатқан Зағипа Дауқараева «Үздік байлаңысшы» атанды. Бейнеу станциясында жүк пой-

ызын қабылдап-тапсырушы болып еңбек ететін Айттүл Нұрғалиқызының жұмысы оңай емес. Ол күн сайын Бейнеу станциясынан бірнеше шақырым жердегі Әзбекстанның аумағында тұрған Қарақалпақстан станциясына барып, сол жерде көрші жақтан келген пойыздарды

қабылдап, елден шығып жатқан пойыздарды тапсыру міндетін атқарады. Өзі Қарақалпақстанда туып, балалығы Оазис бекетінде өткендіктен қос елдің теміржолшыларын да көре жүріп мамандығын ерте тандаған.

Ал «Үздік байлаңысшы» марапатын алған Зағипа Базарбайқызы – Ақтөбедегі теміржол техникумын бітіріп, жас маманнан «бас маманға» айналған жан. Бүгінде байлаңыс электромеханигі.

Астанадан марапат тағып мерейлері үстем болып оралған нәзік жандарды бүкіл түбек теміржолшылары қошеметпен күтіп алып, құшақтарын гүлге толтырды.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау  
Суретті түсірген автор

**Жамбыл ЖТ бөлімшесінің кіреберісінде қаздай тізілген ер-азаматтар есіктен енген әйелдер қауымын көктемнің жауқазын гүлімен қарсы алып тұр. Әдемі көрініс. Мереке алдындағы нәзік жандардың көтеріңкі көңіл күйін одан әрі тасытқандай...**



Жамбыл бөлімшесі мен салалық кәсіподақ ұйымы әйелдер мерекесі құрметіне ұйымдастырған құттықтау іс-шаралары әрі қарай жалғасын тауып, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Айдыл Сейтбенбетов ерен еңбегімен ерекшеленген, жемісті жұмысымен көзге түскен бір топ әйелді арнайы марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

Иә, қиындығы мен жауапкершілігі мол салада ер азаматтармен бірдей қызмет атқарып, адал еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер аз емес. Бүкіл әулетімен саналы ғұмырын теміржолға арнаған аналар да бар.

– Біздің бөлімшеде түрлі қызметтерді үлкен жауапкершілікпен атқарып жүрген аналар, қыз-келіншектер теміржол саласының дамуына зор үлес қосып келеді. Мерекеге орай оларға сый көрсетсек, бұл адал еңбекке деген құрмет. Жалпы, бұл мамандықты көп жағдайда теміржолшылар әулетінің ұрпағы тандайтынын ескерсек, өз жұмысына адал еңбек иелерінің әсіресе болашақ мамандарды даярлау ісіндегі рөлі ерекше. Ананың тәрбиесін, әкенің өнегесін көріп өскен жас жеткіншектерден келешекте мықты теміржолшы шығады, – дейді Айдыл Сейтбенбетов.

Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл



ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87,  
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415  
Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы  
Ерболат Тілеубергенов,  
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:  
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосымын Мұқашев 8-778-946-09-66  
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Жамбыл: Ардақ Сейінова 8-777-667-26-20  
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігіне тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.